

**«Қос – Қорған» жалпы орта мектебі директорының бейіндік істері
жөніндегі орынбасары Жаппаров Шарипжан Рахимовичке
ҚЫЗМЕТТІК МІНЕЗДЕМЕ**

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаппаров Шарипжан Рахимович 1974 жылы 13 қыркүйек күні дүниеге келген. Білімі жоғары.

Жаппаров Шарипжан Рахимович, Көкшетау университетінің түлегі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 2006 жылы «Қос-Қорған» жалпы орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі болып қабылданып, 2022 жылы аталған мектепте директорының бейіндік оқыту істері жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды.

Елімнің болашағы деп үміттенетін бүгінгі жас ұрпаққа білім нәрін сеуіп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін шәкірттеріне арнап, бойындағы бар күш - жігерін шәкірт тәрбиелеуге жұмсайтын Шарипжан өз еңбегімен көзге түскен басшы. Ол еңбек еткен 19 жылда талай жетістіктерге жетіп, мектепшілік, қалалық, облыстық сайыстар, байқауларға оқушылары қатысып мектептің абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз педагог. Атап айтар болсақ: «Lesson study» бойынша мектептер арасында байланыс орнатып, М.Әуезов жалпы орта мектебінің базасында өткен облыстық семинарда өз жұмысын көрсетті, «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану» тақырыбында қазақтілі мен әдебиеті пәнінен, «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында психологиядан қалалық семинарында сабақтар өткені үшін марапатталған.

Ұжымда жұмыс атқарып жүрген уақытында Жаппаров Шарипжан өзінің терең білімін, бейіндік оқыту жұмыстарын ұйымдастырудағы зор қабілетін, ізденімпаздығын, адалдығын көрсете білді. Пән мұғалімі болып бастаған жұмыс жолын директорының бейіндік оқыту істері жөніндегі орынбасары дәрежесіне дейін көтере білді. «Тәжірибедегі рефлексия» тренерлік, «Lesson study» тренерлік курсы, «PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын

дамыту», деңгейлік курс III деңгей, жаңартылған бағдарлама курсы, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау», «Елжандылық және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру – тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі» тақырыбындағы біліктілігін арттыру курсының тамамдады.

Жаппаров Шарипжан, ол мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп отырады. Адамгершілік, сыйластық деген ұғымдарды бірінші орынға қояды. Ұжыммен тіл табысқыш, кішіпейіл, қарапайым ұстаз. Жаппаров Шарипжан заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті басшы, балаларға тәлім-тәрбие беруде өз алдына қойған мақсатына жетіп келеді. Оқушылардың да, ұжымдың да, ата-аналардың да алдында беделі зор екеніне сеніміміз мол.

Мінездеме қажетті орынға тапсыру үшін жазылды.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің директоры:

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Іс-жүргізуші:



М.Изатуллаева.

Ш.Мажитов.

Г. Шакарова.